

Аға оқытушы Р.К. Сураншиева, 4 курс студенті Баймурзина П.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан Республикасы

ТҰҒЫРЛЫ ТАҒЫЛЫМ, ҒҰМЫРЛЫ ҒИБРАТ ШЕРАҒА

Шерхан Мұртазадай қайраткерлік қызметін қалдырмай жүріп, том-том романдар жазған жазушылар тым сирек. Ол –халқының басындағы аласапыран, алапат кезеңнің жауапкершілігін жіті сезініп, зілбатпан жүгін қаранардай көтеріп қана қоймай, шым-шытырық шатасқан өз заманының ой жібін шамасы жеткен жерге дейін таратып кетуге талпыныс жасады.

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. 1955 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдаған. 1963-1970 жылдары «Лениншілжас» газетінің редакторы. Содан кейінгі уақытта «Жазушы» баспасының, «Жалын» альманахының, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы. 1963-1970 жылдары «Лениншілжас» газетінің редакторы. Содан кейінгі уақытта «Жазушы» баспасының, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы. 1989-1992 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, 1992–1994 жылдары Қазақстан Республикасы мемлекеттік телерадио компаниясының төрағасы болып істеді. ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты болған. Жазушының әр жылдары «Табылған теңіз» (1963), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969), «Ахметжанның анты» (1973), «Мылтықсыз майдан» (1977) повестері, «41-жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974) әңгімелері, «Қарамаржан» (1977), бес кітаптан

тұратын «Қызылжебе», «Ай мен Айша» (1999) романдары, шығармаларының төрт томдығы (1990-2000), шығармаларының 6 томдығы, таңдамалы шығармаларының 7 томдығы, «Елім, сағанайтам, Елбасы, сен де тыңда» (К. Смайыловпен бірге) (1998), «Бір кем дүние» (2008) кітаптары жарық көрген.

Әдебиет пен өнерде орын алған кеңестік кезеңді идеализациялау – ол кезде советтік өмір шындығын дәл көрсету, ал қолдан мінсіз еткен кейіпкерлер сол заманның қаһарманы деп бағаланды. Өйткені ондай туындылар кезекті партия съезінің шешімдерін ғана басты нысана етіп ұстайтын да, құбылып тұратын саясат толқыны тез-ақ көміп тастайтын. Мұны жақсы түсінген жас жазушы өз уақытының тыңын жазса да, кенін жазса да, кейіпкерлері кезекті қаулыны емес, ата-баба рухын тірек етеді. Жалпы жас Шерханның да, тарлан Шерханның да көлемді, күрделі шығармаларында алтын арқау болып отыратын үш желі бар. Оның біріншісі – туған жер табиғаты, екіншісі – ата-баба рухы, үшіншісі – шығарманың негізгі сюжеті, яғни кейіпкерінің басынан өтіп жатқан оқиғалар тізбегі. Шерханның суреткерлік шеберлігінің ерекшелігі де осы үш желінің бір кейіпкердің бір сәтінде-ақ көрініс беруінде. Ол белгілі бір оқиғаны суреттегенде соның айналасындағы жаратылыс құбылыстарын қалт жібермей, табиғатын да, жануар-жәндігін де, сол адамның жай-күйін де қоса қабат қамтиды. Негізгі оқиғаны, оның кейіпкерінің көңіл күйін табиғат көріністерімен астастырып беру көп жазушыларда кездеседі. Бір қарағанда табиғаттың, ауылдың көріністері болғанымен, бұл кейіпкер махаббатының образды көрінісі. Ол негізгі оқиғамен қатар өрбіп, өзінше бір желі құрайды. Шер ағаң шығармаларында да мұндай символика жеткілікті. Бірақ олар жұмыр жердегі пенденің жүрегінен тартылған бір нәзік жіп жаратылыспен жымдасып жатқанын білдіреді. Адам мен ғарыштың бірлігін еске түсіреді. Мұны түйсігімен таныған кейіпкердің де, оқырманның да рухы қанаттанып, үміті жалғанады. Оның «Табылған теңіздегі» Оралы да, «Белгісіз солдаттың баласындағы» Исатайы да, «Бұлтсыз найзағайындағы» Нариманы да тау мен даладағы ұлы еңбекті туған жердің ризығы, оны жайнату ата-баба арманы

деп ұғынып, солардың аруағына әр істі бастар алдында сыйынып отырады. Нағыз шындық осы. Жазушының көрегендігі, шындыққа адалдығы, ұлтжандылығы осында – жас кезінен-аққұрыштай бері күлттық дүниетаны мында жатыр. Шерхан Мұртазаның «Мылтықсыз майдан» атты повесі бар. 1968 жылы жазылған. Сырт қарағанда Шыңғыс Айтматовтың «Жәмиласын» еске түсіреді. «Жәмиланы», әсіресе орыс тілді қауым, одан әрі Батыс қызыға қабылдап, қошеметті сөздерін көп айтты. Шерхан Мұртазаның тұмарындай болған туындысы – «Қызыл жебе» эпопеясы. Бес кітаптан тұратын шығарма – қазақ халқының бір туар ұлы Тұрар Рысқұлов туралы көлемді туынды. Ұлт қайраткері Тұрар Рысқұловтың тағдыры арқылы қазақ халқының басынан кешкен қилы-қилы кезеңдерін қамтиды. «Қызыл жебе» халықтың ыстық ықыласына бөленген шығарма. Тұрар Рысқұлов сияқты күрделі ұлғаны әдебиетке әкелу жазушының үлкен ізденімпаздығы, тарихи оқиғаларды таразылауы үлкен ерлікке пара-пар деп айтсақ, асырып айтқандық емес. Шын мәнінде Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов сияқты ел тұтқасы бола білген азаматты әдебиеттендіру арқылы қазақ әдебиетіне үлкен бір сом туынды қоса отырып танытып берді. М.Әуезов «Абай жолы» романы арқылы қазақ халқының ғасырлық тарихын дүниеге паш етсе, Шерхан Тұрар бейнесі арқылы қарама-қайшылыққа тұнып тұрған қазақ халқының тарихындағы ең күрделі, ең ауыр кезеңін шынайы суреттей білді. Қорытындылай келе осы бір жинақтап, зерттеген жұмысымның соңын Шерағаның бір нақыл сөзімен аяқтағым келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Шераға» . Атамұра – Қазақстан Алматы, 1993, 25-296
2. Шерхан Мұртаза «Бойтұмар», Алматы «Раритет».2006, 8-156
3. Нұрғалиев Р. Арқау. I том. – Алматы: Жазушы, 1991. - 576 б.
4. Қабдолов З. Сөзөнері. – Алматы: Санат, 2007. - 358 б.
5. Кітапта: Ақылкені. – Алматы: Көшпенділер, 2005. - 244 б.